ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

28 тамыз 2023 жыл №4712-23-00-2/2214 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектеп» коммуналмемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» басшысы Бердалиева Бувайша Айтбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2) тұрақсыздық айып өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» басшысы Бердалиева Бувайша Айтбаевнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айып өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» басшысы Бердалиева Бувайша Айтбаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» басшысы Бердалиева Бувайша Айтбаевнадан мемлекеттің пайдасына 759 (жеті жүз елу тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1747 (бір мың жеті жүз қырық жеті) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 05.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Тленов А. Ш., 12.11.2023

4712-23-3-1/2251